



**«ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
материалдары**

**2023 жылдың 16-17 ақпаны**

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»**

**Материалы  
IV Международной научно-теоретической  
конференции**

**16-17 февраля 2023 года**

**«ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY»**

**Proceeding  
of the IV International Scientific-theoretical  
Conference**

**February 16-17, 2023**

**Астана/Astana, 2023**

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МНВО РК

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»**

Материалы IV Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2023 года

Астана, 2023

УДК 1/14  
ББК 87.0  
А 52

**Редакционный совет:**

Е.Б. Сыдыков, Б.Ж. Сомжүрек, К.А. Медеуова, К.С. Ермагамбетова,  
А.Ч. Рамазанова, Д.Т. Толгамбаева

**A52**

**Актуальные проблемы мировой философии:** Мат-лы IV Международной научно-теоретической конференции (16-17 февраля 2023 г., Астана, Казахстан). – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023. – 437 с.

**ISBN 978-601-337-860-2**

В сборнике представлены материалы IV Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии», посвященной 90-летию академика НАН РК ЖАбайхана Мубараковича Абдильдина, лауреата Государственной премии КзССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова, кавалера ордена «Барыс» II степени и кавалера ордена «Барыс» III степени.

В рамках конференции работали секции «Философия и современность», «Этика и моральная ответственность в современном мире» и «Казахская философия в контексте современных реалий: проблемы и перспективы».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубараковича Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14  
ББК 87.0

ISBN 978-601-337-860-2

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023

**Мустафина Толганай Вагизовна**

*PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*«Философия» кафедрасының аға оқытушысы*

*Астана, Қазақстан*

*mustafina\_tv@bk.ru*

**ҚОҒАМ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫН ЕҢСЕРУДЕГІ  
ҚИЯНАТСЫЗДЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ КОНЦЕПТУАЛДАНУЫ  
CONCEPTUALIZATION OF NON-VIOLENT METHODS IN OVERCOMING SOCIAL  
CONTRADICTIONS**

***Annotation.** In the second half of the last century, comprehensive discussions on the issues of overcoming the contradictions that still exist in society today, without the use of force, that is, without abuse, have expanded from considering this topic as a theoretical concept. The problems of nonviolence are reflected as a phenomenon that deserves to identify social, political, and cultural processes, focused on real practice. The proposed article provides for the analysis of its own systems of non-violent methods for overcoming social contradictions, the foundations of which were systematized in the twentieth century and continue to be analyzed today, increasing practical importance.*

***Keywords:** Society, Development, present, future, conflict, path without abuse.*

*\* Ұсынылып отырған мақала АР19175950 «Қазіргі қазақстандық қоғам және гуманистік қағидалардың трансформациясы» жобасы аясында әзірленді.*

Өткен ғасырдың екінші жартысынан күні бүгін де қоғамда орын алып отыратын қайшылықтарды күш қолданбай, яғни, қиянатсыз жолмен еңсеру мәселелеріне қатысты жан-жақты дискуссиялар бұл тақырыпты теориялық концепт ретінде қарастырудан кеңее түсті. Қиянатсыздық мәселелері әлеуметтік, саяси, мәдени үдерістерді анықтауға лайықты, нақты тәжірибеге бағытталған феномен ретінде көрініс таба бастады. Ұсынылып отырған мақалада ХХ ғасырда негіздері жүйеленіп, бүгінгі таңда да талдануы жалғасып отырған, тәжірибелік маңызы артып отырған әлеуметтік қайшылықтарды еңсерудегі қиянатсыз әдіс-тәсілдердің өзіндік жүйелерін талдау қарастырылған.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде қиянатсыздық мәселесін ойлау және әрекет ету формасы ретінде қарастыруда өзгерістер байқалады. ХХ ғасыр мен бүгінгі болмыста орын алып жатқан ауқымды қайшылықтар мен қайғылы оқиғалар қиянатсыздық идеяларын елемеудің, ескермеудің салдарына көзімізді жеткізіп отыр.

Қиянатсыздық әдіс-тәсілдердің қоғам қайшылықтарын еңсеруге қатысты өзекті заманауи дискурстарда елеулі орын алатын Ульям Джемс, Анджей Гжегорчиктің, Жак Семлен, Юрген Хабермас, Джин Шарп еңбектері бұл саладағы теориялық негіздерді жүйелеуде [1].

Қиянат, агрессия сынды құбылыстар, олардың генезисі мен себептері философтар, ғалымдар мен дін өкілдерінің назарында барлық заманда өз орнын тауып келген. ХХ ғасыр қиянат атаулының барынша көрініс берген ғасыры десек қателеспейміз. Бір ғана жүзжылдықта екі дүниежүзілік соғыстың өтуі, сан алуан локальді қақтығыстар мен әлемнің екі лагерьге бөлінуінің нәтижесіндегі «суық соғыс» адамзаттың ары қарай даму мүмкіндігін күн тәртібіне қойды десек те болады. Өткен ғасыр тәжірибесі адамзатқа әлі де тиісті сабақ болмағандай, бүгінгі күні де әр түрлі локальді қақтығыстар, азаматтық соғыстар жалғасуда.

Бүгінгі таңда еліміздің алдында тұрған түрлі мәселелер шеңберінде қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінің тәжірибелік маңызы артып келеді. Халықтың өз болмысына қанағаттанбау, әлемде орын алып отырған өзгерістерді қабылдай алмау үрдістері әр түрлі қарама-қайшы салдарға әкелетіні түсінікті. Нәтижесінде деструктивті бастамалар мен оларды жүзеге

асырушы саяси күштер өзара жүйеленіп, қоғам тұтастығы мен болашағына қауіп-қатерді өршітуде.

Біз күш қолдану, қысым көрсету сынды үдерістер қоғам болмысының негізінде жатқандығымен келісеміз. Қоғамдық қарым-қатынастарда көпшілік үшін агрессияға агрессиямен жауап беруі әдетке айналып кеткен. Қазіргі заманда қоғамдық қатынастар заман өзгерісіне қарай шапшаң, жан-жақты, әр түрлі, айталық, реалды және виртуалды өлшемде жүзеге асырылуда. Сәйкесінше, қоғамдық шиеленістердің де қарқындылығы артуда.

XXI ғасырда әлемде жергілікті қақтығыстар, азаматтық соғыстар орын алып жатыр. Ауқымы жағынан соғыстар шигерілгенімен, олардың зардабы нақты сол қоғам үшін елеулі екендігі белгілі. Онымен қоса, соғыстың дәстүрлі тәсілдерінен гөрі қазіргі таңда жаңа технологиялардың әлеуеті барынша қолдануда. Қару-жарақ пен ықпал ету формалары түрленіп, күрделенуде. Яғни, ашық соғыстар азайып, шартты түрде бейбіт заман орнағанымен, адамзат қауымдастығы жалпы дағдарыстық күйді кешіп отыр.

Бірақ зұлымдыққа қарсы күш қолданбау қағидалары адамзат баласының этикалық ұстанымының негізгі қағидасы ретінде сонау заманнан белгілі болғанымен, XX ғасырда қиянатсыздық қағидасы тұлғаның жеке таңдауы, рухани практика деңгейінен әр түрлі әлеуметтік-саяси қозғалыстар шеңберінде нақты нәтиже берерлік бағдарламаға да айнала бастады. Яғни, күш қолданудың түрленуімен қатар оған қарсы қиянатсыз жолмен қарсыласу үрдістері де өзіндік жаңа сапалық трансформацияларды кешуде. Оның тәжірибелік мысалдары да, сол тәжірибелердің концептуалды талданулары да бүгінгі күні анық және қол жетімді.

Заманауи зерттеуші Мартин Брайнның қиянатсыздық философиясының концептуалды қалыптасуына қатысты ұсынған көзқарастарының өзіндік ерекшелігі бар деп ойлаймыз. Оның пікірінше бұрынғы кездері қиянатсыздық философиясының таралуы мен қолданылуын үш негізгі бағытта қарастыруға болар еді. Оған зерттеуші қиянатсыздық ілімін зерттеушілерді, қиянатсыздық жолын ұстанған белсенділерді және саяси қайраткерлерді жатқызады. Қиянатсыздық философиясы оны зерттеушілер мен белсенділерін толғандырып келгенімен, саясатқа елеулі әсер еткен мысалдар тарихта көп емес. М. Брайнның ойынша қиянатсыздық философиясына қатысты бүгінгі таңдағы ізденістер бұл ілімді қолданудың жаңа салаларын, айталық киберкеңістік пен ұйымдастырылған қылмыстар шеңберінде қолдану мүмкіндіктерін қалыптастыруы ықтимал. Зерттеуші алдағы уақытта қиянатсыздық философиясына қатысты ізденістер мен қиянатсыздық әрекеттерінің симбиозы қалыптасуын болжауда [2, р. 252-255].

М. Брайн қиянатсыздық қағидалары адамзатқа сонау ертеден-ақ таныс болғанымен, оның мәдени-құндылықтық мәні мен әлеуметтік-саяси мазмұны өткен ғасырдың 90-ншы жылдарынан бері қарай айтарлықтай нәтижелерге жетіп отырғандығына назар аударады.

Бүгін XXI ғасырда әрбір мемлекеттің өркениеттік жолмен дамуына мүмкіндіктер зор. Қиянатсыздық құндылығы туралы сұхбаттар әр түрлі ғылым салаларында зерделенуде. Оның нәтиже беретіндігі көптеген ресми құжаттарда көрінісін тапты десек те болады. Бірақ қиянатсыздық ұстанымының жүзеге асырылуы әр түрлі мәдениеттер аясында өзіндік ерекшеліктеріне байланысты.

Академик Ж. Әбдилдиннің пайымдауынша кез келген қауымдастықтар мен қоғамдардың сапалы әрі жүйелі дамуы олардың қиратушылық жолдан қашық болып, шығармашылық жолмен жүре білу қабілетімен байланысты. Ал, шығармашылық тұрғыда даму мүмкіндіктері бейбіт қоғамда ғана қамтамасыз етіле алады [3, с. 118].

Қиянатсыздық қағидалары қатаң ереже, тіпті заң жүзінде бекіген қоғамда бейбітшілік күйі баянды болады. Олай болса, демократиялық институттардың, заманауи қоғамдық құрылымдардың сапалы қызметі қиянатсыздық қағидаларымен байланысты құбылыс. Мәмілеге келіп ұжымдаса алуда, күдікке емес, өзара сенімділікке құрылған еркін қарым-қатынастарда адами әлеуеттің де үдемелі артуы анық.

Қоғамдық қатынастар барысында жүзеге асырылған игі істер гуманистік идеялардың жүзеге асырылуына оңтайлы орта қалыптастырады. Гуманизм дегенге келсек, оның

мағынасы әрбір адамды жеке еркін субъект ретінде мойындауға ұласуында көрініс табатындығын білеміз. Әлбетте, кез келген адамды абсолютті игіліктің көрінісі деп қабылдау да дұрыс емес. Әрбір адамның бойында зұлымдық, дүниеқорлық, қанағатсыздық және т.б. жағымсыз қасиеттер кездесуі мүмкін. Ал, гуманизм, өз кезегінде адамның бойында еркіндік, мораль мен құқыққа ие еркін тұлғаны ашуға бағытталады. Неғұрлым қоғам гуманизм идеяларын сіңіре берсе, соғұрлым оның әмбебеп құндылық ретінде дәрежесі арта түседі деген пікірлерді қолдаймыз. Алайда, әлеуметтік ой-сананың бағыты ретінде гуманизм адамзат тарихының барлық дәуірлерінде басымдылық танытқан емес. Батыс Еуропа мәдениеті мен философиясында Қайта Өрлеу дәуірінде гуманизм адамға деген рационалды қарым-қатынас ретінде жүйеленіп, кейін қоғамдық танымдылыққа бөленді. Әсіресе, XX ғасырда орын алған сан алуан революциялар, Бірінші және Екінші Дүниежүзілік соғыстар салдарына қарамастан, гуманистік идеялар күні бүгін де өзінің өміршендігінен ажырамай, құндылықтық мағынасына толы. Онымен қоса, барша әлемде конфликтілер жаңа сипатта, жаңа сарында қалыптасып жатқанын ескере отырып, гуманистік идеялардың жаңаша қабылдануы, жаңа сапалы деңгейде жүйеленуі өзекті мәселеге айналып отыр.

Академик Жабайхан Әбдилдин еңбектерінде адамның ақиқатты үздіксіз таным барысында қол жеткізуіне жол қалыптастыратыны туралы айтылады. Сәйкесінше, игіліктер жүйесі де адамның санасында таным барысында жүйеленеді [4, с. 117-118]. Сондықтан да, игілік деген адамның тәжірибесінен бөлек абстракция емес деп түсінуіміз керек. Игілік деген, бірінші кезекте, адам өмірі, оның теориясы мен практикасы болып табылады. Адами әрекеттердің жемісі ретінде игілік оның болмысының маңызды бір қыры деп есептеледі. Кезінде қоғамдық болмыста пайда болып, кейін әлеуметтік құндылыққа айналуы игіліктің маңыздылығын арттырады. Әлеуметтік құндылықтар пирамидасының ең биік шыңы адам өмірі деп санасақ, игілік құндылығы адамның шынайы болмысын жүзеге асыруға жәрдемдесетін қуат болып табылады. Өз кезегінде, игілік идеяларын елемей адам болмысының мән-мағынасын қауіп-қатерлерге әкелуі әбден мүмкін.

Моральдік нормалар көп жағдайда адамдардың мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Бұл мәселе жайында А. Гусейнов: «Егер адам басқалармен тобырлық байланыс емес, қоғамдық қарым-қатынас орнатса, ол жеке тұлғаға айналады, өзінің жеке қасиеттерін ашады, қоғамдық тұлға ретінде дамиды. Мораль осы мағынасында өзінің адамзаттық болмысын ашады» деп ойын білдірген [5, с. 21]. Сондықтан да мораль қандай да бір табиғи факторлармен емес, бірінші кезекте белгілі бір қоғамдық ережелермен шартталған, әлеуметтік маңызды мәселелерге негізделген. Міне, осы себептен де мораль адамдардың саналы әрекетінің жемісі, жанама феномен деп есептеледі.

Қиянатсыздық әрекеттері әлеуметтік серіктестіктен бас тарту, қысымсыз ықпал ете білу, күш қолданбай әсер ету сияқты әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы XX ғасырда ерекше қарқынмен байқала бастады. Қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінің ғаламдық шеңберде нақты қолдану мүмкіндігінің жарқын көрінісі деп өткен ғасырда құрылған Ұлттар Лигасы мен БҰҰ мысал ретінде қарастыруға болады. Алдағы уақытта бұл әрекеттердің жетілуі, бір жағынан, азаматтық институттардың жүйелі және сапалы жұмысына байланысты. Екінші жағынан, жаһандық қауіпсіздікті жүзеге асыратын халықаралық құқықтық нормалардың сақталуына тиесілі деп санаймыз.

Ю. Хабермас «Адамзаттың болашағы» еңбегін «Адам өз уақытын неге жұмсау керек?» деген сұрақтан бастап, ұзақ уақыт бойы философтар бұл сұраққа дайын жауап бар дегенге сеніп келген деген ойымен бөліседі. Бірақ, ойшылдың пайымдауынша, қазір постметафизикалық заманда олар (философтар) жеке адам мен қоғамның өмір сүру образы туралы ақылға сыйымды жауап бере алмайды [6, с. 7-8].

Ю. Хабермастың ойынша қазіргі заманғы философияда этика теориялық ой-пікірлерді моральдік пайымдар тәжірибесіне айналдыруға ұмтылатын нормативті ғылым ретінде қабылданады. Этиканы қоғамның ынтымағы мен дамуына оң әсер ететін құндылық ретінде адамгершілік идеалдары, адамның өнегелік нормаларына қатысты тарихи көзқарастар туралы сыни рефлексияны теориялық тұрғыда бағамдайтын жүйе деп түсінуге үндейді. Ю.

Хабермастың пікірінше қазіргі кезде әділеттілік және мораль теориялары өз даму жолдарына түсуде, олар дұрыс өмір сүруді ұйғаратын классикалық этика түсінігінен ерекшеленуі әбден мүмкін [6, с. 9].

Зорлық-зомбылыққа қарсы күресте шиеленістерді бейбіт жолмен шеше білу мүмкіндіктерге байланысты болады. Мұндағы негізгі қиындық аталмыш процесстің барлық қатысушыларының қиянатсыздық әдістерін толықтай құптамауында жатыр. Мысалы, әлем қауымдастығының мемлекеттерінде антитеррористік әрекеттердің жүзеге асырылуы әуел басында бейберекет өңірлерде мәдениетке ықпал ету арқылы жоспарланған. Бірақ террористердің агрессия деңгейі тек осындай акцияларды қолдану мүмкіндігін айтарлықтай шигерді. Онымен қоса, бүгінгі таңда терроризм секілді құбылыспен күресуде күштеу әдісінің қолданылуы әбден оңтайлы болып табылады. Бірақ мұндай сценарийде көптеген қауіп-қатерлер бар. Әділетсіздікпен күрес барысында жауап ретінде күш қолдану өз кезегінде күрделі әлеуметтік күйзелістерге әкеледі. Күш қолданудың эволюциясы әділеттілікке қол жеткізбеумен қатар әділетсіздіктің алаңын айтарлықтай кеңейтуге ықпал етеді.

Зерттеуші М. Брайн өткен ғасырда қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінің классификациясын жүйелеген ғалымдардың үздігі деп бағалануға Джин Шарпты ұсынады. Күш қолданбай әлеуметтік-саяси өзгерістерді жүзеге асыру әдістерінде Дж. Шарп репрессиялар барысында ұстамдылық танытып, дисциплина сақтауға, саяси джиу-джитсу сияқты әдістерге ерекше назар аударады [2, р. 262].

М. Брайнның пікірінше Дж. Шарп жүйелеген қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінде келісім стратегиясы ерекше назарға ілінеді. Онда Дж. Шарп «үнсіз келісімді» ұйғарады. Зерттеушінің ойынша М. Ганди өзінің зерттеулерінде жүйеге қатаң назар аудармаса, Дж. Шарп бұл мәселеде тиянақтылық танытқан. Қиянатсыздық әдіс-тәсілдерін жүйелеу барысында Дж. Шарп символикалық әрекет, серіктестіктен бас тарту және байкот жариялау, шерулерге шығу сияқты белсенділік деп жүйе ұсынады [2, р. 263-265].

«Қиянатсыз әрекеттер саясаты» еңбегінде Дж. Шарп жалпы теория тұрғысында саяси биліктің қайнар көздері билеушінің беделі, адами ресурстар, дағдылар мен тиісті білімдер, материалдық ресурстар мен санкциялар сияқты өлшемдерге негізделетіндігімен келіседі [7, с. 120-122]. Оның ойынша биліктің нәтижелілігі аталмыш элементтердің үйлесімді қолданылуымен байланысты. Яғни, кім және кіммен бірлесе отырып жұмыс жасау керек деген сұраққа келсек, Дж. Шарп басқарушының төрт топпен пәрменді қызметтесуін пайымдайды. Ол дегеніміз басқарушының қоғамның әр түрлі топтарымен, билеушінің арнайы агенттерімен, шетелдік үкіметтер және шетелдік халықпен мәмілелі қарым-қатынас жасауымен байланысты. Дж. Шарп материалдық ресурстар мен санкциялар басқа адамдармен немесе топтармен қызметтес болуға қол жеткізе алады дегенді жоққа шығармайды. Бірақ, оның ойынша, көптеген билік теорияларында адамдардың арасындағы бірлестік, ымыраға келу арқылы материалдық ресурстар мен санкцияларды қаншалықты тиімді қолдануға болатындығы ескерілмейді [7, с. 122-125].

Қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінің қалыптасуы, тәжірибе барысында қолданылуы белгілі бір тарихи-қоғамдық ахуалдармен байланысты. Олар өздігінен жүйеленген емес. Көп жағдайда бұл белгілі бір елдердің қалыптасқан мәдениеті, дүниетанымы, мемлекеттік құрылымына балта шауып, отарлауына қарсыластық ретінде жүйеленген деп пайымдауға болады. Мысал ретінде М. Кинг қозғалысы кезіндегі АҚШ-ты алып қарастырайық. Еуропалық гуманизм идеяларын бойларына сіңірген американдық ойшылдар гуманистік идеяларды жаңа позициялар ретінде кең тарата бастады. Бұл арада Америка тарихында Азия, Еуропа елдеріндегідей қантөгіс соғыстар, қатыгез революциялар әуел бастан болмағанына назар аудару керек деп ойлаймыз.

1990-жылдары Ю. Хабермас пен адам құқықтар тақырыбын зерттеу, «Әділеттілік теориясы» еңбегінің авторы Джон Роулздың арасында саяси либерализм туралы қызу пікір-талас орын алған болатын. Олар қазіргі біздің заманымызда көзқарастар плюрализмі мен өмір сүру образдарының индивидуализациясы қарқынды жүретіндігіне назар аударады. Осыдан келіп, олар белгілі бір өмір сүру образын тиісті, дұрыс деп тануға үнемі ұмтылатын

философияның құрдымға кеткен талпыныстарын жандандыруға тырысады. Философтар «Әділетті қоғам» деген әрбір жеке адамға өз уақытын өз таңдауына сәйкес өткізуді қамтамасыз ететін қоғам деп түсінеді. Ондай қоғамда әрбір жеке адамға этиканы өзінше түсінуге еркіндік беріліп, оның қалауына сәйкес өнегелі өмір сүруге жол ашылады [6, с. 8-10]. Жалпы, XX ғ. еуропалық гуманизм идеяларын жете түсіну арқылы АҚШ-тың қоғамдық қайраткерлері құлдықты, нәсілдік дискриминация мен сегрегацияны, адам құқықтарының тапталуы сияқты күрделі әлеуметтік мәселелерді шешуге қабілеттілік танытты деп тұжырымдауға болады.

Тағы бір мысал ретінде XIX ғ. – XX ғ.-дың екінші жартысындағы Үнді елін қарастырып көрейік. Онда қиянатсыздық идеяларының қарқынды дамуына ағылшын колонизаторларының қатыгездігі ықпал етті. М. Ганди гуманизмінің ерекшелігі ежелгі үнділік этикалық дәстүрлер мен еуропалық мораль нормаларының үйлесімді симбиозында жатыр. Осылайша, гуманизмнің қалыптасу себептерінің әртүрлілігіне қарамастан, ол көптеген мемлекеттердің қоғамдық дамуына айтарлықтай әсер етті.

Адамзат болашағын зерттеуші, болжаушы ғалымдар қазіргі заманда ғана адамзаттың критикалық даму фазасына жетуінде қиянатсыздық этикасы жеке бір әулиелік жол емес, қоғамдық тұрғыда прагматикалық маңызы зор құбылысқа айналып отырғанын әр түрлі дәлелдермен тұжырымдайды.

Қиянатсыздық қалыптасып қалған қатынастарға интеграцияланбай, адамзаттың жаңаша сатыға көтерілуінің негізі мен бастамасы болуы тиіс. Адамзаттың жаңаша сатыға көтерілуінде әрбір жеке адам да, барша адамзатта та құнды әрі маңызды болып табылады [8, с. 34]. Біздің қоғамдық болмысымызда әр түрлі ережелер қалыптасып, заңдар қабылданады. Өз кезегінде олар қоғамның тарихи тәжірибесіне сіңісіп, өмір сүру үрдістерін белгілі бір реттілікке келтіруге септігін тигізеді. Әлбетте, ережелер мен заңдарда бекітіліп, қоғамдық санада нық орныққан құндылықтар бүгінгі болмысымызда маңыздылығын жоғалту жайттары жиі кездеседі. Сондықтан қоғам үшін оның рухани болмысының тазалығын сақтауда қиянатсыздық әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттілігі өзекті болып қала бермек.

Бірақ қиянатсыздық әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру оңай еместігін де түсінудеміз. А. Гусейнов күш қолданбауға негізделген күресті саяси техникаға ұқсастырады. Қиянатсыздық стратегиясының қойнауында саяси әдістермен қатар, оппонентке әсер етудің психологиялық, экономикалық әдіс-тәсілдері жатқандығын оның басымдылығы деп анықтауға болады. Ол дегеніміз әлеуметтік протест, серіктестіктен бас тарту, бойкот, шеру, т.б. сияқты әр түрлі формалардың кешені. Негізінен, аталмыш шарттардың оңтайлы орындалуы қиянатсыздық күресінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге жол ашады [5, с. 143].

Психологияда, әлеуметтік-саяси ғылымдарда «джиу-джитсу» тәсілін қолдану туралы деректер бар. Қиянатсыздық әдіс-тәсілдерінде де «джиу-джитсудің» орны ерекше. Мұндай әдісті қолдану қиянатсыздық әрекеттеріне қатысты репрессиялардың оппонентке кері нәтиже беруімен аяқталуы мүмкін. А. Гусейнов оның бастамасы ресми биліктің қиянатсыздық әрекеттері жақтастарына қатысты қатаң шаралар қолданылуынан басталатындығын жазады. Алайда, мұндай шаралар, керісінше, қарапайым халық арасында жақтастардың артуы мен биліктің қанаушылық саясатын сыңауына әкеліп соғады. Онымен қоса, азаматтар қарсыласушылардың жағына қосылуға көбірек ынта білдіре бастайды. Ондай жағдайда тәуелсіз саяси институттар, оппозициялық партиялар билік тарапынан жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік репрессияларға қарсыластығын білдіріп, қаналғандарға жәрдемдеседі, сол арқылы күш қолдануға төтеп берер күшті қалыптастырады. Аталмыш жағдайларға халықаралық қауымдастық реакциясын білдіріп, мүмкіндігі келгенше мемлекет басшылығына саяси немесе экономикалық ықпал етуге тырысады. Жеке азаматтармен қоса, мемлекеттің әскері, полициясы секілді әлеуетті құрылымы ресми биліктің қиянатсыздық әрекеттерін жүргізушілеріне қатысты ұстанатын саясатының әділдігіне қатысты күмәнін білдіре бастайды. Азаматтық мазасыздық мойынұсынбаушылық және елемеушілік формаларында көрініс табатын алауыздыққа трансформациялануы ықтимал [5, с. 154-156]. Осылайша, саяси джиу-джитсу ретінде көрініс табатын қиянатсыздық әдіс-тәсілі әлеуметтік



әділеттілік үшін күрес жолында бейбіт жолды қолдану арқылы маңызды қадам болып табылады. Күрес дегенде әдетте қарсыластық ұйғарылғанымен, қиянатсыздық ілімі контекстінде серіктестік құрып, компромиске келу алға қойылған негізгі мақсат болып табылады.

XX ғасырдың танымал американдық философы Уильям Джемс «социалистік утопияға» өзінің антимилиитаристік бағдарламасын талдап тұрып көпшіліктің назарына ұсынған. Американдық философтың ойынша пацифисттер соғысқа жай ғана қарсыластық білдіріп жеңіске жетпейді, олар функционалды альтернатива ұсына білулері тиіс. Ондай альтернатива ретінде ол азаматтық қызмет, әр түрлі қоғамдық жүктемелерге негізделетін (құрылыс жұмыстары, шахталарда жұмыс істеу т.с.с.) еңбек міндеттерін атқаруды қарастырады [9, с. 215]. Философтың пайымдауынша белгілі бір қателіктер жіберген, қылмыс жасап қойған азаматтарды ауыр еңбек арқылы мұндай бағдарлама тәрбиелеуі тиіс.

У. Джемс милитаризм туралы ой-пікірімен бөлісуде «соғыстың моральдік эквиваленті» деген түсінікті қолданады [9]. Қазіргі кезде де соғыс үлкен қауымдастықтарды тәртіпке келтіріп отыратын күш ретінде сақталып келетіндігі жаңалық емес. Философтың ойынша соғысқа нақты қарсы эквивалент табылмағанша, олар әр кезде де жалғаса береді. Өзінің ізденістерінде ол қазіргі кездегі адамзат санасы сондай эквивалентті ойлап табуға дейін өсіп-жетілгендігіне сенім артады [9, с. 215-218].

Бірақ ойшыл алдын ала соғыс атаулыға қарсы күрестің оңай бола қоймайтындығын ескертеді. Заманауи адамдардың соғыс атаулыға деген қатынасы біркелкі емес. Милитаристік әрекеттер әсерлі болады, олармен адамдардың жеңу және жеңілу, сәттілік және сәтсіздік мүмкіндіктері байланысты. Жалпы, әскери әрекеттер, қозғалыстар жеке адам және халықтар сана-сезіміне елеулі әсер етеді. У. Джемс тарихи деректерде соғыстар туралы оқиғалардың әсерлі сипатталуына назар аударады. Оның пікірінше американдықтардың тарихынан Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы соғыспен байланысты деректерді бейбіт өмірдегі даму мен реформалар туралы мәліметтерге ауыстыруды ұсынса, көпшілік мұны құптамас еді. Азаматтық соғыс, оның жауынгерлері, жасаған ерліктері әрбір американдық үшін соғыстағы құрбандылыққа қарамастан, ең қымбат құндылық болып табылады [9, с. 217-221].

Күш қолдануға негізделген қоғамдық қатынастарда қоғамда «біз» және «өзгелер» деп жіктелу дәстүрі қалыптасқан. Олай болса, жеке тұлғалар белгілі бір спецификалық ролдерді атқаратындай болады. Мұндағы адамдарды екі қарама-қарсы лагерьге бөліп қарастырудың өзі дұшпандық психологияны қалыптастыратын байқаймыз. Мұндай жағдайда сұхбат құру қиындау, себебі оған ұмтылу әлсіздіктің белгісі ретінде танылуы мүмкін. Уақытша келісімге келу шын мәнінде күштеу, қысым жасаудың жаңа тетіктерін жүйелеуге дайындық үшін пайдаланылады. Бірақ күш қолдануды үстем етуге деген соқыр ұмтылыс деп қана қарастырудың қажеті жоқ. Күш қолдану әрекеттерінің өзі белгілі бір аргументтермен дәлелденіп отырады. Алғаш жеңістер негізінде оның жақтастары арта түседі. Онда күш қолдану әдістері тыйым салынған тәсілдер ретінде қарастырылмайды. Сондықтан да кезінде революция «тарихи қалыптасқан мәселелерді күш қолдану арқылы шешу» ретінде қабылданған болатын. Олай болса, күш қолданудың жалпы мағынасы жағымсыз болса да, ол белгілі бір дәрежеде қоғамды стагнациядан алып шығатын жол. Сондықтан да қай жерде күш қолдануға орын болса, сол жерде оған төтеп беретін күшке де орын бар. Ал, бұл процесстер өз кезегінде тарихымыздың қозғаушы күші екендігі белгілі.

Сонымен, қиянатсыздыққа негізделген әрекеттер, олардың әдіс-тәсілдері қоғамда орын алатын қайшылықтарды адами шығынсыз еңсеруге негіз бола алады. Бұл жол ұзағырақ, бастапқы кезде мардымсыз, нәтижесіз болып қабылдануы ықтимал. Бірақ әрбір зұлымдыққа қарсы зұлымдықпен жауап беру қиянат атаулыға балта шабар жол емес екені мәлім. Адам баласы қиянатсыздық туралы ертеден білгенімен, қиянатсыздық әдіс-тәсілдерін әуел бастан қолданбай келеді. Қиянатсыздық әрекеттері ғасырлар бойы қоғамдық тәжірибе барысында жүйеленіп келді.

Бүгінгі таңда адамзат дамуында қиянатсыздық практикасының перспективалары анық байқалады. Теориядан практикаға өту үшін қиянатсыздық құндылығы әуел басында жеке

тұлғаның, кейін бүкіл қоғамның моральдік таңдауына айналуы тиіс. Бұл үдеріс ұзақ әрі күрделі екендігі анық.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Мустафина Т.В. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қиянатсыздық философиясы: мәні және мағынасы» тақырыбындағы диссертация. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, 2021 ж.
2. Brian Martin Researching nonviolent action: past themes and future possibilities // Исследование ненасильственных действий: прошлые темы и будущие возможности // Peace & Change, Vol. 30, No. 2, April 2005. Peace History Society and Peace and Justice Studies Association. 17.05.2019.
3. Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Логика теории современной демократии и проблемы ее реализации. – Астана, Фолиант, 2014. – 344 с.
4. Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж. Логика формирования целостного, конкурентоспособного человека и модернизация его духовных, нравственных ценностей. – Нур-Султан: ИП «Булатов», 2020. – 182 с.
5. Гусейнов А.А. Возможно ли моральное обоснование насилия? // Вопросы философии, № 3. – М., 2004. – С. 19-27.
6. Хабермас Ю. Будущее человеческой природы. // Пер. с нем. – М.: Издательство «Весь Мир», 2002. – 144 с.
7. Шарп Дж. Политика ненасильственных действий. – Бостон: Издательство П. Сарджент, 1973. – 156 с.
8. Дробницкий О.Г. Моральная философия. Избранные труды. – М.: Гардарики, 2002. – 523 с.
9. Джеймс У. Моральный эквивалент войны // История философии, том 20, Институт философии РАН, – М., 2015.

ҒТЗМР 02.15.51

**Балапашев Бекен Сарсенгалиевич**

*Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, PhD докторант,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан  
beken.balapashev@bk.ru*

#### **С. КЬЕРКЕГОР ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗДЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ S. KIERKEGAARD AND THE PHILOSOPHY OF LONELINESS**

**Abstract:** *This article explores the philosophical thoughts of S. Kierkegaard and his works. The article records the thoughts of philosophers who raised the philosophy of loneliness. Being one of the important issues of philosophy, the phenomenon of loneliness is in the attention of some other sciences, such as psychology, pedagogy, linguistics, sociology, cultural and religion studies. The problem of loneliness becomes the most relevant and acute in the context of the modern lifestyle. Understanding the phenomenon of loneliness leads to an understanding of the essence of man, but the problem of loneliness is ambiguous. This problem was considered by many philosophers, such as Aristotle, Platon, E. Fromm, J.P. Sartre, E. Husserl, M. Buber, and is central in their works. The article deals with phenomenological, existential and humanistic approaches to the study of the problem of loneliness and the philosophical experience formulated in the works of world researchers in understanding this problem. As a result of studying loneliness as a philosophical problem, it was determined that it is common to all people but has different characteristics for each person. In world philosophy, there are conflicting views on the problem of loneliness, which has become a common phenomenon in our society since ancient times: 1) loneliness was considered a positive initiative from the point of view of intellectual loneliness, which was allowed in ancient society; 2) loneliness was seen as a multifaceted, insidious disease among social diseases, dangerous to health, against happiness, having negative qualities, causing sympathy and discontent.*